

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжесхан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожасметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым
Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
 Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
 Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
 Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
 Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
 Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
 Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Кожамжарова Дария Пернеишевна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
 Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
 Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
 Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
 Кумек Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Матыжанов Кенжесхан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
 Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
 Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
 Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
 Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
 Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
 Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ

Ахмет А.Қ.¹, Шотанова Ғ.А.², Қозыбақова Ф.А.³

¹Тарих ғылымдарының докторы

²Тарих ғылымдарының кандидаты

³Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Аталған мақалада архив қорларында сақталған құжаттар негізінде Орыс географиялық қоғамының үлкен күміс медалімен марапатталған тұңғыш қазақ ғалымы Мұхамедсалық Бабажановтың (1835-1871) өмір деректері, әр жылдардағы қызметі, ғылыми-этнографиялық зерттеу жұмыстары туралы қарастырылады. Сол кезеңде этнографиялық зерттеулерде М-С. Бабажановтың мақалалары елеулі рөл атқарды. Зерттеулердің нысанасы қазақтардың тарихы мен шаруашылығы, кәсіпшілігі болды. Оның этнографиялық еңбектерін алдыңғы қатарлы орыс ғалымдары және өлкетану қоғамдары жоғары бағалады. Сонымен бірге мақалада этнограф М-С. Бабажанов аңшылық, атбегілік туралы, қазақ қоғамындағы ең күрделі мәселелердің бірі – жер мәселесі туралы ой толғамдары қарастырылады. Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы (IRN жобасы: AR08855800) шеңберінде жүргізілді.

Түйін сөздер: журналдар, тарих, М-С., Бабажанов, кадет, Россия, газеттер, корпусы, хорунжий, этнограф, ғалым, архив.

УЧЕНЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ

Ахмет А.Қ.¹, Шотанова Ғ.А.², Козыбақова Ф.А.³

¹Доктор исторических наук, ассоц. доцент Атырауского университета им. Х. Досмухамедова. Казахстан, Атырау.

²Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

³Кандидат исторических наук, доцент. Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы.

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается жизнедеятельность первого казахского ученого Мухамедсалыка Бабажанова (1835-1871), награжденного Большой серебряной медалью Русского географического общества. Материал составлен на основании этнографических сведений самого С. Бабаджанова и русских исследователей, а также документов хранящихся в архивах Центрального Государственного архива РК.

Во время статьи М.С. Бабажанова сыграли важную роль в этнографических исследованиях. Предметом исследования были история и экономика казахов. Его этнографические работы получили высокую оценку ведущих российских ученых и краеведческих обществ. Из материалов можем проследить его отношение к охоте, коневодству. Также одним из актуальных вопросов в его исследованиях уделяется земельному вопросу.

Исследование выполнено в рамках проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (ИРН проекта: AP08855800).

Ключевые слова: М-С. Бабажанов, Россия, кадетский корпус, хорунжий, этнограф, учёный, история, журналы, газеты, архив.

ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV

Ahmet A.K.¹, Shotanova G.A.², Kozybakova F.A.³

¹Doctor of Historical Sciences, Associate Professor of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University. Kazakhstan, Atyrau.

²Candidates of Historical Sciences, Leading Research Fellow at Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

³Candidate of Historical Sciences, Ass. Prof., al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty.

Abstract. Introduction. The article examines the life of the first Kazakh scientist Mukhamedsalyk Babazhanov (1835-1871), who was awarded the Great Silver Medal of the Russian Geographical Society. The material was compiled on the basis of the ethnographic information of S. Babadzhanov himself and Russian researchers, and documents stored in the archives of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan.

At that time, M.S. Babazhanov's articles played an important role in ethnographic research. The subject of the research was the history and economy of the Kazakhs. His ethnographic works were highly appreciated by leading Russian scientists and local lore societies. From the materials we can trace his attitude to hunting, horse breeding. Also, one of the topical issues in his research is the land issue.

This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant № AP08855800).

Keywords: M-S.Babazhanov, Russia, Cadet Corps, cornet, ethnographer, scientific, history, journal, newspaper, archive.

Кіріспе

Еліміздің тәуелсіздігін алған дейінгі кезеңінде көп жағдайда нысаналы кейіпкерлеріміздің халыққа мәлім болуға тиісті нәрселердің айқын беті ашылмай келгені шындық. Әр дәуірдің, әр кезеңнің өз шеңберінде көзі ашық, көкірегі ояу, күлі халықтың, қоршаған ортаның жайын ойлаған, қоғамның байыбы мен болашағын зерделеген ойы озық тұлғалардың бірі де бірегейі публицист, географ, экономист, этнограф-ғалым Мұхаммед-Салық Қарауылқожаұлы Бабажанов. Әкесі атақты Жәңгір хан Бөкейұлының қайын атасы, Теңіз бойын билеуші, полковник Қарауылқожа Бабажанов. Бұл тарихи тұлға 1836-1838 жылдары Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне жасаған қаскөйлек іс-әрекеттері архив құжаттарында хатталғаны белгілі.

Материалдар мен әдістер

Қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген көрнекті өкілдерінің бірі этнограф-ғалым Мұхамедсалық Қарауқожаұлы Бабажановтың өмір жолы, қоғамдық қызметі және ғылымға қосқан үлесі туралы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорында сақталған құжаттар негізінде жазылды. Кеңестік кезеңде баспасөз беттерінде М-С. Бабажановтың өмірі мен еңбегіне арналған бірнеше материалдар жарық көрді. Академик А. Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» (1957), этнограф-ғалым Е. Масановтың «Қазақ халқының Россиядағы этнографиялық зерттелу

тарихынан» (1964), әуесқой-өлкетанушы Н.П. Ивлевтің «Шоқанның ізбасары» (1971), «Өлкетанушының тапқандары» (1977), тарих ғылымдарының кандидаты Т.Н. Сенигованың «Қазақ совет энциклопедиясына» жариялаған «Бабажанов М-С.Қ.» (1973), Қ. Ыдырысовтың «Орындалған болжам» (1978), Б. Ысқақовтың «Қапыда үзілген өмір» және Қ. Ыдырысовтың «С. Бабажанов және Европа, орыс ойылшылары» (1981) атты мақалаларын атап өтуге болады. Ал тәуелсіздік жылдары Х. Маданов пен А. Мұсабаеваның «Мұхамбетсалық Бабажанов» (1995), А.А. Қалмұрзаевтың «Социально экономическое процессы в Букеевском ханстве в середине XIX века и их влияние жизнь и деятельности М.С. Бабажанова» атты кандидаттық диссертациясы (2002), Т. Боранғалиұлының «Осы жұрт Бабажановты білеме, екен...» (2014) т.б. еңбектері жарияланды.

Мақалада этнограф-ғалым М-С. Бабажановтың әр жылдары жарық көрген мақалалары негізінде қазақ қоғамының тыныс-тіршілігі, ел басқарудағы патша әкімшілігі тарапынан жүргізілген іс-шаралар, жер қатынастары, қазақ даласынан табылған жәдігерлер, қазақтардың аңшылық кәсіпшілігі туралы жазбаларына ерекше назар аударылды.

Талқылау

XIX ғасырда кім және қайда, қай жолмен жүру керек деген тарихи таңдау мәселесінің толғағы әбден жеткен кезде, қазақ халқының озық ойлы азаматтары Россияға үміт артты. Өткен XIX ғасырдың бірінші жартысында Орынбор мен Омбыда кадет корпустары ашылып, оларға қазақ шонжарларының балалары қабылданды. Бұратаналардың балалары оқи алатын алғашқы оқу орны Орынбордағы Неплюев әскери училищесі болды, ол кейін Орынбор кадет корпусы деп аталды. 1825-1866 жылға дейін бұл оқу орнын 35 қазақ баласы бітірген. Этнограф, қоғам қайраткері, ағартушы Салық Бабажанов осы кадет корпусының түлегі болатын.

Жәңгір мектебінде тәрбиеленген М-С.Бабажанов Орынбор кадет корпусына оқуға аттанған сапарын «Қазақтың қазақ туралы жазбалары» атты еңбегінде «Біздер Жәңгір мектебінде тәрбиеленген едік, сол кездерде де, қазір де ол кадет корпусына даярлайтын орын деп есептеледі. Бір күні кешке таман біздерді ханға алып келіп, сарай ішіне орналастырып, хан сендерден корпусқа оқуға түсуге ықыластысыңдар ма деп сұрайды деп ескертті. Біздердің балалық жасымызға лайықтап даярлаған, ханның бізге берер қонақасы әзірленген екен. Ол біздерді өте ақжарқын отырып қабылдады және оқуға бару ықылыласымызды сұрап білді. Біздер бірімізден соң біріміз өзімізді таныстырып, ықыласты және дайын екенімізді білдірдік. Бұл 1845 жылдың басындағы қыс еді. Ол кезде менің жасым 11-де болса да, біздерді Орынборға шығарып салғандары әлі есімде», – деп еске алады (Бабажанов, 1993: 26-27 б.б.).

1852 жылдың 11 қаңтарында «Этнография бөліміне еңбегімен жәрдемдескені және қазақтардың тұрмысы туралы мақалалар мен әр түрлі этнографиялық бұйымдар бергені» үшін Орыс географиялық қоғамының үлкен күміс медалімен марапатталған тұңғыш қазақ ғалымы және қоғамға Ш.Ш. Уәлихановтан кейінгі мүше болған екінші қазақ. Қазақ зиялыларының жаңа ұрпағының, қазақ қоғамының топырағынан шыққан, нақты тұрмыс арқылы етене байланысты аса көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұраларының алатын орыны ерекше болды. Бұл ең алдымен қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, географ, фольклоршы, ағартушы Ш.Ш. Уәлихановтың туындыларына қатысты. Оның еңбектері Қазақстанның, Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының тарихына терең ынта-ықылас білдірілуімен ерекшеленеді. Ш. Уәлихановтың ізін ала саңлақтардың бір топ шоғыры Ы. Алтынсарин, М. Бабажанов, С. Жантөрин, М. Бекмұхамедов, Т. Сейдалинов т.б. есімдері жалғастырды. Олар сол тұстағы әр түрлі басылымдар мен мерзімді баспасөзде қазақтардың сан алуан өмірі мен қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін, кәсібін жан-жақты бейнеледі.

Халқымыздың XX ғасырдың орта тұсындағы қоғамдық-саяси ой-пікірінің даму тарихында елеулі орын алатын тұлғалардың бірі – Салық Бабажанов. Оның қысқа өмірі мен қызметі сол

кездің өзінде-ақ көптеген орыс ғалымдары жылы пікірлерін білдірген болатын. Ұлы ағартушы-ғалым Ш.Ш. Уәлиханов және орыс ғалымдары Н.И. Небольсин, В.Н. Харузин, В. Плотников, В.В. Григорьев оның қарым-қабілеті мен қызметін жоғары бағалады. Мысалы, Ш. Уәлиханов 1864 жылы жазған «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде «1860 жылы «Северная пчелада» жас қазақ Бабажанов мырзаның Бөкей ордасындағы татар мектебіндегі ілімнің барысын қарапайым тілмен айқын сыпаттаған. Бұл фактының ұтымдылығы Бабажанов мырза Мұхамметтің үмбеті, әрі «Северная пчеланың» тілшісі болғандықтан, мұсылмандықтың туын ұстаушы ретінде татардың ағарту ісіне қас емес шығар деген ойдамын» десе (Шоқан, 1985: 151-152), этнограф-ғалым Павел Иванович Небольсин 1860 жылы «Русский вестник» журналының 29-шы санында жазған мақаласында сахара ұлы С. Бабажановты былайша сипаттайды: «25 жаста. Келбетті. Ат жақты. Өңі – қара торы. Бота көзді. Шашы қара, қалың. Бабажанов орыстың айшықты әдеби тілін еркін меңгерген. Сөздері өткір әрі көркем, әсіресе өзін толғандыратын мәселеге келгенде, қызып кетіп, еркін көсіліп, шешен сөйлейді. Шыққан тегінің қожа болуына қарамастан, Неплюев кадет корпусында оқып, білім алған, казак-орыстардың әскери үлгіде тігілген киімін киеді. Әңгімелескен кезде оны әсіресе екі мәселенің ерекше толғандыратынын байқадым. Оның бірі – біздің бәрімізге ортақ кесел – біздің заңымыз және уездік сот қызметкерлерінің қылығы мен былығы болса, екіншісі – надандыққа толы татар насихатының қазақ арасындағы зиянды кеселі және ешбір негізі жоқ соқыр сенімдер мен ескі аңыздарды құранға қосып, халықты бұзып, аздыруы еді» (Ысқақов, 11 б.). Орыс шығыстанушы-ғалымы П.И. Небольсин Шоқан Уәлиханов пен Салық Бабажановтың қызметтерін жоғары бағалады. Ол Ішкі Ордадағы қазақтың жас қоғам қайраткері С. Бабажановтың еңбектерін бақылап, әрдайым көмек қолын созып, оның мақалаларын жариялауға жәрдемдесті (Зиманов, 1960: 443). Ал шығыстанушы-ғалым В.В. Григорьев прогресшіл С. Бабажановты «аса қабілетті және тамаша білімді адам» деп бағалады (Ысқақов, 1981: 12). Бұл ғалымдардың этнограф-ғалымға берілген шын, дұрыс және әділ бағалары деп білеміз. Салық Бабажанов жан-жақты тамаша білімді, шығыстанушы-ғалым В.В. Григорьевтен дәріс, тәлім-тәрбие алған және жақын достық қатынаста болды.

Мұхаммед-Салық Қарауылқожаұлы (толық аты-жөні Хожа Мұхаммед-Салық) Бабажанов 1832 (кейбір деректерде 1830, 1831, 1834, 1835) жылы Ішкі Бөкей ордасында (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы) дүниеге келген (Қазақстан, 1999: 28, 168 бб.). Ал кейбір деректерде С.Бабажановтың туған жері Атырау облысы, Исатай ауданының аумағындағы әкесі Қарауылқожаның қоныстанған мекені Забурыннан Нарынға қарай 10 шақырым жердегі Қарауыл төбе делінеді (Батыс Қазақстан, 2002: 22 б.). Күні бүгінге дейін талас тудырып келе жатқан мәселенің бірі С. Бабажановтың туған жылы мен қашан, қандай жағдайда қайтыс болғандығы жайында. Н.П. Ивлев пен Х. Мадановтың жазуынша 1830 жылы, Т.Н. Сенигова 1832 жылы, М. Ысмағұлов 1831 жылы, ал Т. Боранғалиұлы 1834 не 1835 жылы туған деп есептейді. Бұл мәселеде С. Бабажановпен танысқан П.И. Небольсинның оның «жасы 25-ге» деп айтуы шындыққа сай келеді деген ойдамыз. Олай болса Ш. Уәлихановпен құрдас болып шығады. Шоқанның 1864 жылы жазған жазбасында «жас қазақ Бабажанов» деп жазуы осындай ойға жетелейді.

Салық бастауыш білімді өз ауылында алады, 1841-1845 жылдары Хан ордасындағы орыс-қазақ мектебін бітірген соң Орынбордағы Неплюев кадет корпусына оқуға береді. Салық Қарауылқожаұлы кадет корпусының Азиялық бөліміне қабылданады. Бұл бөлімде патша үкіметінің әкімшілік орындары мен әскери мекемелерде жұмыс істейтін тілмаштарды дайындайтын. Аталған оқу орнында оқыған жылдары М-С. Бабажанов Орынбор қаласындағы кітапханалардан сирек кездесетін кітаптарды алып оқыды. Ол сол тұста Орынбор шекара комиссиясының төрағасы В.В. Григорьевтің еңбектерімен жақсы таныс болды. Кадет корпусының бекітілген оқу бағдарламасынан тыс тарих, археология, этнографияға қатысты кітаптарды көп оқыды. Жас Салықты туған өлкесі Еділ мен Жайық өзендерінің бойларын

мекендеген елдердің тарихы мен тағдыры қызықтырды. Орыс тарихшылары Н.М. Карамзин, М.В. Щербатов, И.И. Голиков, Ф.И. Миллердің шығармаларымен де таныс болды. М-С.Бабажанов сонымен бірге сол кездегі Орыс географиялық және археологиялық жазбаларын, Санкт-Петербург, Орынборда жарық көріп тұрған мерзімді баспасөздерді, газет-журналдарды оқып отырды. 1851 жылдың қазан айында М-С.Бабажанов Орынбор кадет корпусын ойдағыдай аяқтады. Оған хорунжий әскери атағы берілді.

1852 жылдың 11 қаңтар күні хорунжий М-С. Бабажанов Орынбор шекара комиссиясының төрағасы, генерал-майор Ладыженскийге жазған қатынас қағазында Ішкі қырғыз (қазақ) ордасын басқаратын Уақытша басқару кеңеске қызметке алу туралы өтінішін білдіреді (ҚР ОМА. 725: 1). Орынбор шекара комиссиясының басшылары тарапынан оқуын үздік бітірген талапты жас офицер М-С. Бабажановты өз қарамағындағы қызметке қалдырылды (ҚР ОМА. 5585: 3, 6). Ішкі Орда істерін Уақытша басқару кеңесінің стат-кеңесшісі Ващенконың 1852 жылдың 23 ақпанда М-С. Бабажанов туралы берген мәліметі бойынша «білімді жас, ордалықтар арасында беделі жоғары, әділдігіне келетін болсақ, Ордаға келіп қызметке тұрса, ол бірден депутат лауазымын алуға лайықты», - деп оң пікір білдіреді (ҚР ОМА. 5742: 18).

1852 жылдың жазында дүниеден өткен Жәңгір ханның зайыбы, Мұхамедсалықтың апасы Халима қайтыс болды (ҚР ОМА. 5572: 1-3). Одан қалған дүние-мүлікті ағайын-туғандарына бөліп беруде басы-қасында болсын деп Орынбордан Мұхамедсалықты шақыртады. Ол қызметінен демалыс алып, ауылына аттанады. Бұл демалыстан кейін қайта демалыс алып, Орынборға 1853 жылдың 29 шілдесінде оралған. Өкінішке орай С. Бабажановтың туған жеріне екінші рет ұзақ демалысқа бару себебі туралы архив құжаттарында мәлімет жоқ.

Өкінішке орай 1853 жылы жан-жақты білімді жасты көре алмаған қызметтес Орынбор казак-орыстарының офицерлері оған жала жауып, қызметінен босаттырады. Орынбордағы жұмысынан босаған оны қудалады, кейін Бөкей ордасына жер аударады. Орынбордағы қызметінен еш себепсіз алыстатылған болашақ этнограф-ғалым еш мұқалмады. Керісінше алыс жатқан туған өлкесінің саф табиғатына, тұрмыс-тіршілігіне деген ерекше құштарлығы артты. Бұл жерде ол түрліше кеңсе қызметтерін атқарды. Патша үкіметі органдары оның соңына Алексеев есімді подхорунжийді тыңшы етіп салып қояды. Бірақ екеуі кейін жақын дос болып кетеді. М-С. Бабажановтың Хан ордасында отырып жазған мақалаларын ол Астраханда шығатын «Волга» газетіне апарып бастырады. Сөйтіп М-С. Бабажановтың біраз мақаласы оның қолынсыз жарияланып, жарық көрді. Кейінгі жылдары Орынбордағы өкімет орындары М-С. Бабажановқа қайта сенім көрсете бастады.

1854 жылы Ішкі қазақ Ордасын басқаратын Уақытша Кеңес ұйғаруымен ол Теңіз жағалық қазақтары депутаттығына тағайындалды. Оған сотник атағы беріліп, 1855-1861 жылдары Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңестің кеңесшісі қызметін атқарды. Ол осы қызметінде жүргенде көп жерлерді аралайды. Соның нәтижесінде ел өмірі, халықтың тыныс-тіршілігімен жақын танысады. Бөкей ордасына Санкт-Петербург пен Орынбордан ғалымдар да келіп тұратын. Олар Бөкей ордасы туралы мақалалар жазарда көзі ашық, сауатты әрі жергілікті халықтың тілін, тарихын, әдебиетін, әдет-ғұрыптарын, салтын жақсы білетін этнограф М-С. Бабажановтан көп нәрсені сұрап алады, материал жинап қояды тапсыратын.

Территориялық аймаққа байланысты Ішкі Орда қазақтарында 1855 жылы әртүрлі жалған өсек өршіп, толқу пайда болды. Бұл ушыға берсе, ашық көтеріліске ұласуы мүмкін деген қауіп туындап Орынбор және Самара генерал-губернаторы ескертіп, «Ішкі Ордадағы толқуларға қатысқаны үшін» Мұхамедсалықтың ағалары Мұхамеджан мен Мұстафа Бабажановтарды тұтқынға алады (ҚР ОМА. 5934: 3). Оларды тергеп-тексергеннен кейін, «Ішкі Орда қазақтары арасында зиянды өсек таратқандықтан» әкімшілік шара қолданып, Батыс Орал ордасына жер аударды. Олардың соңдарынан жанұялары да бірге көшеді (ҚР ОМА. 6297: 20-21). Бұл оқиға

байланысты Астрахан қаласында «қасақана қоздырушы» деген күдікпен ағаларымен бірге Салықта қамауға алынады. Оған жүргізілген тексеру кезінде бұл күдік дәлелденбеді. Тұтқындау барысында қоптеген қағаздар алынып, оларды тексеру барысында «үкімет алдында ешқандай да ой мен қимылдың оғаштығы табылмаған» екен. Ішкі Орданың Уақытша Кеңес төрағасы полковник Герн генерал-губернатор В.А. Перовскийдің рұқсатымен М-С. Бабажановты босатып, Хан ордасына шақырып, оны кеңесшілікке тағайындайды. Бірақ көп уақыт өтпей ол Батыс Оралға кетуге рұқсат сұрап, ағаларымен бірге тұруға және олардың шағырағына түскен қайғыларына ортақтасып, және жаға жерге қоныстанып, оларға көмектескісі келетінін білдіреді (ҚР ОМА. 5934: 8). Әкімшілік тарапына бұл тілектері қабылданып анасы Жәмила Піралиева мен өгей шешесі Ұлбибі Дәнісмендовамен бірге «жазықты» болып айдалған ағаларының артынан аттанды. Кейін, Мұхамедсалыққа әкімшілік тарапынан оң көзқарас қалыптасуына орай, ол тағы да Хан ордасында кеңесші болып жұмыс жасады.

1860 жылдың 9 желтоқсан күні Нарын құмындағы Орда да жазған жазбасында Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін қазақтардың жаңаша даму кезеңі басталды, сонымен қатар бұл кезең Жәңгір бастамаларынан өзгеше қасиеттерге ие болды деген пікірі білдіреді. Ордадағы сол тұстағы қоғамдық жағдайды былайша сипаттайды: «Бұл уақытта халықтың ойында жаңа сұрақтар тұрды: орданы кім басқарады деген сұрақ еді. Оны қалай басқарады? Кім бірінші болады деген мәселенің төңірегінде беделді адамдардың өзара жанжалы мен ұрыс-керісі басталды. Адамдар көзқарас пен пікір және көздеген мақсаттарына қарай, партия-партия болып бөлініп кетті» (Бабажанов, 1993: 65). 1845 жылы Жәңгір хан өлгеннен кейін хандық өкімет жойылды. Хандықтың орнына Ішкі орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңес құрылып, оған патша шенеуніктері басшылық етті.

Уақытша кеңеске бір кеңесші мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан тағайындалды. Бұл орынға ханның бұрынғы кеңес ісін басқаратын Матвеев бекітілді. Кеңеске тағайындалған патша әкімшілігі шенеунігінің басқалардың дауысы қанша болса, министрліктің кеңесшісіне сонша дауысқа ие болуға орынборлық әкімдер құқық берді, оның дауысы барлығын жеңіп жүре беретін болды. Бұның бәрі сайып келгенде, халық біліп, барлығы соның сөзін сөйледі. Соның салдарынан олар да өзара бөлінісіп, тіпті орда халқы партиялық жікке бөлініп, ет жақын нағыз туғандарына да қарамай, бір-біріне қарсы қастандықтар жасады. Халық топтарға бөлініп, айтыс-тартыс өршіді. С.Бабажанов сол кезеңде Уақытша кеңесте қызмет еткен орыс шенеуніктерінің қоғамдық-саяси қызметтеріне жан-жақты сипаттама берген. Мысалы Матвеев туралы былай дейді: «Кеңестесу кезінде дауыстың көбі азамат Матвеев жағын қолдап кеткендіктен және ордалықтардың ұрыс-керісіне араласпайтындықтан одан әділ шешім, жазалау мен арашалау күтіп, барлық аймақ адамдарының өзара кектескендері арыз айтып Матвеевке баратын болды. Осындай хаос-ауада екі жақтың арыз айтып бірін-бірі ғайбаттаушы адамдарға Матвеев те ештеме істей алмай, шындығы қайсы, өтірігі қайсы екенін ажырата алмай қоятын. Шындықты ажырата алмау себебі оның өзі қазақша түсінбей, ал тілмаштар әр кезеңде жиі-жиі қарсылас партиялардың бірінің ықпалында кетіп, істің дәл дұрыс жағын орысшаға дәл аудармады. Өстіп жүргенде артына ешқандай да жарқын қасиет тастамастан Матвеев те о дүниеге аттанып кетті», - десе, оның орнына келген Кондарицкий туралы «Ол қайырымды адам сияқты, іс жайын талқылап және шешім қабылдағанда әділдік танытқан болады, бірақ барып тұрған формалист болып шықты, барлық кеңсе іс қағаздарын және оны тәртіпке салу жағын қолға алған мұқият адам ретінде танылды. Көптеген істерді тергеу жолымен шешуді ұйғарды. Бұдан қазақтар қатты шошыды. Қазақтар бұл уақытқа дейін орда төңірегінде ешқандай сот-мот дегенді білген емес: біздерде ондай сөз сөйлеу тілімізде де кездеспейді, біздер ондай сөздің барын тек көрші уездердегі сот арқылы білетінбіз» деп жазды. Кондарицкий қайтыс болған соң оның орнын басқан стат-кеңесшісі Ващенко туралы С. Бабажановтың пікіріне назар аударсақ «...қатыгез, өз айтқанын екі еткізбейтін бәрін де, барлығын да кірпі түкті биялайда қысып ұстайтын, бәрінен, тіпті барлығынан аулақ жүретін

азамат Ващенко лауазым иелерінің қылмыс жасайтындарына ерекше көңіл аударды, сонымен қатар әдеттен тыс іскерлікпен барлық матасқан түйіндерді шешіп, тарқатуға және өсек-аяң ісін анықтауға кірісті. Өз жұмысында ол іскер болды, орданың лауазымдық қызметінде отырғандардан да іскерлік талап етті. Ол барлық істелген жұмысты қағазға түсіріп отырды, арыздың барлық түрлерін жазбаша беруді талап етті. Мұның өзі оған істі дұрыс шешіп, оң көзбен іс атқаруға себепші болды». Ващенко өз кезегінде қарсылас партиялардың басшыларының біразын талқандады, төтенше кірісіп сұлтандардың құқын әлсіретіп, біразын жойып жіберді, барлық билікті өз қолына алды. 1853 жылы Ващенко жұмысынан кетіп, оның орнына полковник Иванин келіп қызмет етті. Ол туралы «... шыншыл да қайырымдылыққа бейім және гумандық көзқарасы бар, бірақ уақыт-уақыт өзгеріп құбылып тұратын, бірде тым сезгіш, бірде тым секемшіл адам болып шықты. Оның бар көңіл қойған мәселесі Орда ішіндегі мал басына түсетін салықты бәрінен бірдей жинау болды, қазақтарды жерге орналастыруда жайылымдықтарды керегінше бере отырып, көршілердің басшыларын және тұрғындарын қыспа таяққа салмау үшін мал жайылымнан қақпайлау жағын да қарастыра білді. Барлық осы сияқты және де басқа мәселелер жөнінде азамат Иванин көптеген пайдалы бастамалар қабылдады, бірақ та барлығын аяқтап үлгере алмай, 1856 жылы Орданы тастап кетті», – деп әділ бағасын береді. Иваниннан соң Ващенко қайта оралды. Осы кезеңде орданы басқарып отырған қазақтар лауазымы таратылды. Ал бұл орынға орыс шенеунігінің бір адамы бекітілді. С.Бабажановтың жазуынша Ордаға қайта қызметке келген Ващенко тарапынан бұрынғыдай кез-келген арызды қағаз жүзінде беруді керек деп те таппаған. Ващенко қазақтарға мүмкіндігінше болысып, сот ісінде олардың талап-тілектерін қанағаттандыруға жәрдем көрсетуге ерекше көңіл бөлген.

